

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Жүрегімнің жылуы балаларға!»

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.11.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/20677/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мұханжанова Бейнегүл Казалиқызы

Баяндама

Тақырыбы: «Жүрегімнің жылуы балаларға!»

Балаларды сүю деген мамандық бар екен! Мен үнемі мақтанышпен «Мен тәрбиешімін!» деп айта аламын!

Неге мен бұл мамандықты таңдадым? Барлығы бала кезімнен басталды... Кішкентай кезімде тәрбиешінің жұмысы мен үшін ешбір қызығы бітпейтін мереке сияқты болып көрінетін. Өйткені мен барған балабақшамның тәрбиешілері мейірімді, балаларға әрқашан күле қарап қарсы алатын, сондықтан мен өз тәрбиешілеріме ұқсағым келіп, осы мамандықты таңдадым.

Балаларға берген тәрбиемде мен өзімді өз тәрбиешімдей сезініп, есіме аламын. Болашақта оқуға түсу жайлы сөйлескенде мен үнемі тәрбиеші боламын деп айтатынымын. Уақыты келгенде мен ойланбастан –ақ, педагогикалық университетке түстім. Осы үлкен жетістікпен, кең жүрегіммен, балабақшаның есігін аштым. Осы уақытқа дейін бір сәт те бұл мен үшін емес деп ойлаған емеспін.

Мен бақыттымын! Өткені мен барлық жылуымды жан –тәніммен балаларға беремін. Әрқашан өзімнің нәтижелі жемісімді балалардың жетістіктеріне қарап көремін. Балалардың балабақшаға келгенде «Сәлеметсіз бе!» деп дұрыс айтып, өздерін дұрыс ұстауға жасаған жұмыстарына қол соғып, достарын қарсы алғанға не жетсін. Олар би билеп, тақпақ, өлең айтып мақтанышпен көрсетіп жатады. Осылайша кейде балалар менің де еңбегімді көрсетеді. Балалар жұмысыма деген құштарлығымды арттыра түседі, өз білгенімді оларға жеткізуге себепші болады.

Бұл менің ата -аналармен бірселіп жасаған жұмысымның нәтижесі болып табылады.

«Балалы үй — базар, баласыз үй – мазар» деп текке айтпаған, Бала бізге қуаныш, бақыт сыйлайды, күнделікті балабақшамыздың ішінде жарқын -жарқын дауыстарымен қуантып жатады.

Менің балалақшам – бұл менің жанұям, менің әріптестерім. Осы әріптестерімнің көмегімен маған деген сенімдерінің арқасында тәрбиеші болғаным бақыттымын. Балабақшадағы тәжірибелі тәрбиешілерге қарай отырып көптеген нәрселер үйреніп, жұмысқа деген бірнеше мақсаттар мен талаптар қою арқылы жұмыс істеп келемін.

Мен үшін бұл жұмыс өмірлік үлкен ізденіс. Әр өткізген күнімде кем дегенде бір жаңалық болып тұрады. Бала деген кішкентай ғана әлем екен. Баланың ойында не бар екенін білмейсің, ол өзінің қылығымен, қойған сұрақтарының артында бір үлкен құпиялы сыр жатқанын түсінесің.

Менің бақытым – менің балалақшам, менің балаларым. Балалақшада жасаған жұмыстарымның бәрі балалар үшін. Уақыт өте келе, кеше ғана балабақшаға аяқтарын тәй – тәй басып , былдырлап бал тілімен сөйлеп келген еді, ал бүгін қарасаң мектепке кетіп барады!

Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, дамыған мемлекеттердің қатарында болу үшін, біз жоғары білімді ұлт, ұрпақ тәрбиелеуге міндеттіміз. Болашақтың ұрпағы қазіргі кезден басталады. Келешектің білімді де білікті азаматтары ең бірінші тәлім – тәрбиені балалақшадан алады!

Міне, тәрбиешінің бақыты, асқақ арманы орындалғандай болды. Бүгінгі бүлдіршін – келешек ел болашағын бастар. Өз еңбегімді, білімімді, жүректен шыққан жылуымды тек бүлдіршіндерге ғана арнаймын!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.